КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

3 шілде 2024 жыл № 7527-24-00-2/5271 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Абишева Ә.Н., сот отырысының хатшысы Р.А.Саитованың қатысуымен ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы жылу желілері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«ГосТорг» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:
Жеткізушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Хамитов Р

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Арыздың мәні «ГосТорг» ЖК-ні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап болып табылады:1) «ГосТорг» жеке кәсіпкері Шаншаров Әшімбет Жолдасбекұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраймын;
2) «ГосТорг» жеке кәсіпкері Шаншаров Әшімбет Жолдасбекұлынан «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 1 176 (бір мың бір жүз жетпіс алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы сомасын және 35 (отыз бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасын өндіріп алуды сұраймын).

Талап қою «ГосТорг» ЖК-нің мемлекеттік сатып алулар туралы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағандығымен негізделген.

Онлайн форматта өткізілген сот отырысында талап қоюшының өкілі сотқа өзінің мазмұны бойынша талап қоюда баяндалған дәлелдерге ұқсас түсініктемелер берді. Соттан талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«ГосТорг» ЖК жауапкері сот отырысының уақыты мен орны туралы бірнеше рет тиісті түрде хабардар етілгеніне қарамастан, өз өкілінің сот отырысына қатысуын қамтамасыз етпеді. Осыған байланысты сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабы 4-бөлігінің ережелерін назарға ала отырып, жауапкердің келмеуін құрметтемеушілік деп тани отырып, осы азаматтық істі жауапкер болмаған кезде мәлімделген талаптардың мәні бойынша қарауға болады деп санайды.

«Алматы жылу желілері» ЖШС мен «ГосТорг» ЖК (бұдан әрі – ЖК) арасында 2024 жылғы 5 наурыздағы №24Д0146Т тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаны анықталды, оған сәйкес ЖК тауарды жеткізу бойынша міндеттемелер қабылдады (степлер және жабысқақ таспа).

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК)7-бабына сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздерден, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өзгереді және тоқтатылады, өйткені, осы әрекеттер азаматтық заңнамада көзделмегенімен, олардың жалпы бастаулары мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туындатады.Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттардан және өзге де мәмілелерден, сондай-ақ азаматтық заңнамада көзделмегенімен, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мәмілелерден пайда болады, өзгереді және тоқтатылады.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК)72-бабына сәйкес дәлелдеу ауыртпалығы тараптарға жүктеледі, яғни әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі – заң)43-бабы 23-тармағында тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептелетіндігі белгіленген.

Заңның 12-бабы 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі:1) біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 10.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Абишева А. Н., 14.08.2024

7527-24-3-1/5921

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

берушілердің; 3) өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Заңның 12-бабы 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8- тармағында мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 10.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Абишева А. Н., 14.08.2024

7527-24-3-1/5921

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс екендігі регламенттелінген.

Азаматтық іс материалдарынан ЖК конкурстық құжаттамаға (конкурстық құжаттамаға 2-Қосымша) сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес тауарларды – степлер мен жабысқақ таспаны жеткізу бойынша міндеттемелер қабылдағаны анықталды.

Істің мән-жайларынан ЖК-нің тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелері орындалмағаны келіп шығады, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың ережелеріне сәйкес және азаматтық заңнама ережелерінің жалпы мағынасынан «Алматы жылу желілері» ЖШС шарт жасасу кезінде жеткізілуі болжанған тауарды алу мүмкіндігінен айырылу салдарынан залалға жол берілгендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген заңнама нормаларының, белгіленген мән-жайлардың және азаматтық істің зерттелген материалдарының жиынтығы ЖК-ны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіздердің бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сот Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасының негізінде өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды болдырмайтын негіздер жиынтығын анықтамаған.

Көрсетілгеннің негізінде ЖК-дан «Алматы жылу желілері» ЖШС-нің пайдасына 1 176 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндіріліп алуға жатады.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 35 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алынуға тиіс.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223–226, 403-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Алматы жылу желілері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «ГосТорг» жеке кәсіпкеріне өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 10.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Абишева А. Н., 14.08.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«ГосТорг» жеке кәсіпкері Шаншаров Әшімбет Жолдасбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ГосТорг» жеке кәсіпкері Шаншаров Әшімбет Жолдасбекұлынан «Алматы жылу желілері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына («Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің) 1 176 (бір мың бір жүз жетпіс алтыны) мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 35 (отыз бес) теңге сомасында мемлекеттік баж өндіріліп алынсын.

«ГосТорг» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндіріп алынсын.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым беруі және (немесе) прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар, оларға шешімнің көшірмесін жіберген күннен бастап өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Абишева А.Н.**

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 10.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2024, судья Абишева А. Н., 14.08.2024

7527-24-3-1/5921